- Тарих пәні мұғалімдері қуғын-сүргін жылдарындағы оқиғалар туралы деректермен бөлісті;
- «Азапты жылдар ізі» атты бейнематериал көрсетілді;
- Оқушылар сол дәуірдің қасіретін өлең жолдары арқылы жеткізді;
- Құрбандардың рухына тағзым етіліп, бір минут үнсіздік жарияланды.

Бұл еске алу күні – тарихтағы ауыр кезеңді ұмытпай, бүгінгі бейбіт өмірдің қадірін бағалауға және әділдікті ту етуге шақыратын тағылымды сәт болды.

Сілтемесі:

<https://www.facebook.com/share/p/1A2kcX5sVT/?mibextid=wwXIfr>

2024-2025 оқу жылы

ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау

https://drive.google.com/file/d/1PgcW7IG2ss96xBuAlR-yCzU_SGIZHyfL/view?usp=drive_link

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу арқылы ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттауға көп көңіл бөлінеді. ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау бойынша мектептің іс-шара жоспары әзірленіп, бекітілді.

Оқу жылы барысында білім алушылардың бойында елін, жерін сүйуге, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге және мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға бағытталған **патриоттық тәрбие жұмыстарына ерекше басымдық берілді**

Талғат Бигелдиновтің өмірі мен қызметіне арналған іс-шара өткізілді

Мақсаты:

1. Ұлы Жеңісті дәріптеу. Кеңес Одағының Батыры атағын екі рет алған ұшқыш жауынгер Талғат Бигелдиновтың ерлік істері туралы әңгімелей отырып, өмір жолын, ерлігін танытып және үлгі-өнеге тұту.
2. Тақырып мазмұнын меңгерту. Негізгі ойды, идеяны ұғындыру, мәнерлеп айту дағдыларын жетілдіріп, сөздік қорын молайту.
3. Елін, жерін қорғаған батырларды құрметтеуге және олардың ерлігін мақтаныш етуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.



Нұркен Әбдіровке арналған іс-шаралар ұйымдастыру

Тақырыбы: «Өшпес ерлік»

Мақсаты: Батырдың ерлігін дәріптеу. Ұлы Отан соғысы туралы ақпарат беру. Егемендікті қадірлеуге, достыққа, ұлжандылыққа тәрбиелеу.



Қазақтың қайсар қызы – Мәншүк Мәметованың ерлігіне арналған қыздар арасында мылтық атудан әскери- спорттық сайыс

Мақсаты: Оқушыларды, елді жаудан қорғаған, елі үшін ерлік көрсеткен азаматтарды құрметтеуге, туған жерін сүйуге, Отан үшін отқа түсетін елжанды, ел азаматы болуға тәрбиелеу.



Жас Сарбаз клубының 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік-мәңгілік елдің тұғыры» атты әскери спорттық сайысы

Мақсаты: а) Жас жеткіншектерді отансүйгіштік рухта тәрбиелеу, Отанға, елге туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, жас жеткіншектердің бойында патриоттық сезімдерін қалыптастыру. б) Салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулығын нығайту, жарысқа қатысушылардың спорттық шеберлігін көтеру. в) Оқушылардың спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Жауапкершілікке, ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.



«Мен – болашақ Отан қорғаушымын - 2025» әскери-патриоттық спорттық сайыс

Мақсаты: а) Жас жеткіншектерді отансүйгіштік рухта тәрбиелеу, Отанға, елге туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, жас жеткіншектердің бойында патриоттық сезімдерін қалыптастыру. б) Салауатты өмір салтын насихаттау, нығайту, жарысқа спорттық в) Оқушылардың денсаулығын қатысушылардың шеберлігін көтеру. спортқа деген



қызығушылықтарын арттыру. Жауапкершілікке, ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.



<https://www.facebook.com/share/p/19xVePHDGu/?mibextid=wwXIfr>

«Қаһарман» ұлдар ұйымының жиыны

Тақырыбы: «Ұл бала – ұлт қорғаны»

Ұлдар жиналысының мақсаты: Оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік

Оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды т. б адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бірін - бірі сыйлап, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/199FrHahxc/?mibextid=wwXIfr>

«Бастауыш сынып оқушыларына "Жол тәртібін білейік аман есен жүрейік" және "Балалардың назарына" тақырыптарында жол ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.»

Сыныптар: 1-4 сынып

Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, еске сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өмірін сақтай білуге тәрбиелеу. Жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру, жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру.



<https://www.facebook.com/share/p/1EZrFne8U8/?mibextid=wwXIf>

5-6а-6ә-7 сынып оқушыларына "Жолда жүрсең, абай бол!" тақырыбында жол ережесі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету. Жол ережесін есте сақтау қабілетін, қызығушылықтарын арттыру, барлығымызға ортақ қойылған тәртіпті бұзбауға тәрбиелеу.



<https://www.facebook.com/share/p/1UPip1G4rJ/?mibextid=wwXIfr>

Мектеп түлегі, Азия чемпионы Тәттімбек Дінасылдың өмір жолымен таныстыру Мақсаты: Оқушыларға спортқа деген қызығушылықты арттыру; Еңбекқорлық пен табандылықтың маңызын ұғындыру; Жерлес чемпионның жеңісті жолы арқылы оқушыларға үлгі көрсету.

Мағлұмат: Тәттімбек Дінасыл — Ынталы Жалпы Білім беретін мектебінің түлегі. Қазіргі таңда күрес спортынан Қазақстанның және Азияның чемпионы атанған. Ол жас кезінен спортқа қызығып, түрлі жарыстарда топ жарып, ел намысын қорғап жүр. Тәрбиесі мен табандылығының арқасында үлкен жетістіктерге жеткен.



<https://www.facebook.com/share/p/18sbRWewqX/?mibextid=wwXIfr>

Қолкүрес шебері мықты спортшы облыстық спорттық шаралардың чемпионы Әбілбек Айбат оқушылармен кездесу өткізді. Мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттау; бос уақытын тиімді өткізу; зиянды әдеттерден аулақ болуға баулу; Іс шара барысында Айбат оқушыларға қолкүрес спорт түрінің ережелерімен таныстырды. Оқушыларға тәрбиелік мәні зор іс шара өтті.



<https://www.facebook.com/share/p/15AkJgnU5j/?mibextid=wwXIfr>

10 сынып оқушылары арасында Әскери патриоттық сайыс өткізді "Автоматты бұзып жинау" "Оқжатарға оқ жинау"

Мақсаты: Патриоттық тәрбие беру, Жастардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыру, елін қорғауға дайын, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу.

Әскери-патриоттық сана қалыптастыру. Қарулы Күштердің тарихы мен жетістіктері туралы ақпарат беру арқылы, оқушылардың әскери қызметке деген қызығушылығын арттыру және болашақта әскер қатарында қызмет етуге ынталандыру.



<https://www.facebook.com/share/p/1C8geXtMGX/?>

10-11 сынып ер балалары арасында “Ұлы Жеңістің 80 жылдығы”, “ҚР қарулы күштерінің 30 жыл” толуына орай "Автоматты бұзып жинау",

"Оқжатарға оқ жинау " бойынша әскери-патриоттық спорттық сайыс өткізді

Мақсаты: 1.Оқушыларға Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы мен Қазақстан Қарулы Күштерінің 30 жылдығының тарихи маңызын түсіндіру арқылы, ата-бабаларымыздың ерлігін ұмытпай, оларды құрметтеуге тәрбиелеу. 2.Жастардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыру, елін қорғауға дайын, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу. 3.Қатысушылардың физикалық дайындық деңгейін, жылдамдық пен ептілік, ұқыптылық пен дәлдікті шыңдау.



<https://www.facebook.com/share/p/19PEyBd5Rq/?>

8-9-10 сынып ер балалары арасында "Мылтық ату" және "3км жүгіру" тақырыптарында әскери-патриоттық спорттық сайыстар өткізді. Мақсаты: 1. Отансүйгіштік сезімді қалыптастыру Жастардың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті, жауынгерлік рух пен азаматтық борышты сезіндіру арқылы патриоттық тәрбие беру.

2. Әскери дайындық элементтерін меңгерту Мылтық ату арқылы дәлдік пен ептілікті дамыту, бастапқы әскери даярлық негіздерін тәжірибе арқылы үйрету.

3. Физикалық төзімділікті арттыру 3 км жүгіру арқылы жастардың денсаулығын нығайту, шыдамдылық, күш-жігер, төзімділік қасиеттерін дамыту.

4. Жауапкершілік пен тәртіпке тәрбиелеу Сайыс кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы тәртіпке, жинақылыққа, өз-өзін бақылауға дағдыландыру.

5. Салауатты өмір салтын насихаттау Жастарды спортқа баулу, денсаулықты нығайтуға деген қызығушылықты арттыру, бос уақытты пайдалы өткізуді үйрету.



<https://www.facebook.com/share/p/186zWnEoeN/?>

АӘ және ТД Аумағанбетов Айдын Сайлаубайұлы 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күніне орай 8-10 сынып ер балалары арасында “Әскери эстафеталық сайыс газ тұмылдырық кию” тақырыбында әскери-патриоттық спорттық сайыс өткізді. Мақсаты:

1. Отансүйгіштік пен жауынгерлік рухты қалыптастыру

Оқушылардың бойында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне деген құрмет пен патриоттық сезімді тәрбиелеу.

2. Әскери-қолданбалы дағдыларды дамыту

Газтұмылдырықты дұрыс және жылдам кию арқылы төтенше жағдайда әрекет ету қабілетін арттыру, алғашқы әскери дайындық бойынша практикалық дағдыларды меңгерту.

3. Физикалық шынығу мен шапшаңдықты жетілдіру

Әскери эстафета арқылы қатысушылардың дене дайындығын, икемділігін, шапшаңдығы мен төзімділігін арттыру.

4. Тәртіп пен ұйымшылдықты қалыптастыру

Сайыс кезінде ережелерді сақтау арқылы қатысушыларды жинақылыққа, тәртіпке және ұжымда үйлесімді жұмыс істеуге баулу.



<https://www.facebook.com/share/p/186zWnEoeN/?>

8-9-10 сынып ер балалары арасында "ҚР қарулы күштерінің 33 жыл толуына орай", әскери-патриоттық спорттық сайыстар өткізді "Кермеге тартылу", "Прес жаттығуы". Мақсаты:

Оқушылардың физикалық дайындығын арттыру, күш пен төзімділікті дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау.

Әскери-спорттық рухты қалыптастыру. Спорттық жаттығулар арқылы әскери дайындыққа жақындату, жастардың бойында ерік-жігер, батылдық және табандылық сияқты қасиеттерді тәрбиелеу.



[https://www.facebook.com/
share/p/16GkDHGkM4/](https://www.facebook.com/share/p/16GkDHGkM4/)

Терроризм және экстремизмге қарсы күрес бойынша атқарылған жұмыстар

Қыркүйек айында экстремизм мен терроризмге қарсы күреске бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру тобы бойынша комиссия құрылып, іс-шаралар жоспары бекітілді. Алдын алу шаралары, бейне камералардың жұмыс істеуін қадағалау бойынша жұмыстар жүргізілді. Мектепте қызметкер 31 жұмыс жасайды және 192 оқушы білім алады. Мектеп оқушыларының, қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 16 бейнебақылау, дабыл нүктелері орнатылған, барлығы жұмыс істейді. Сонымен қатар террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуы паспорты әзірленген. Қазан айында **терроризм және экстремизмге қарсы күреске** арналған іс-шаралар жүргізілді. Дабыл қоңыраулары реттеліп, оқу-жаттығулар жасалынды. Жыл бойы терроризм қаупі төнген кездегі мінез – құлық ережелері бойынша жоспарлы және жоспардан тыс нұсқаулықтар өткізілді. **«Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар және терроризм қаупі төнген жағдайда өзін қалай ұстау керек?!»** тақырыбында нұсқаулық жүргізілді. Қыркүйек-қазан айында 0-11 сынып оқушылары арасында әр түрлі сипаттағы төтенше жағдай туындаған кезде оқушыларды эвакуациялау жаттығуы ұйымдастырылды. Оқушылары, мұғалімдері мен техникалық қызметкерлер арасында **«Терроризм актісінің қаупі туындаған немесе терроризм актісі жасалған жағдайдағы әрекеттер туралы жадынама»** бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді, ұйымдастырушы АӘЖТД пәні мұғалімі Аумағанбетов А



Барлық мұғалім, оқушы оқу–жаттығуына толық қатысты. Оқушылардың демалыс кезіне сынып жетекшілер тарапынан қауіпсіздік бойынша нұсқамалар өткізді. Мектеп қызметкерлерімен мұғалімдерге арналған тіркеу журналы жүргізілді. Бірақ тіркеу журналына жауапсыз қарайтын мектеп қызметкерлері де кездесті. Олай дейтінім бір мұғалім тіркелсе, екінші мұғалім тіркелмейді. Бұл журнал мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің қауіпсіздігі үшін жасалған журнал. **Сонымен қатар "Терроризм актісінің қаупі туындаған немесе терроризм актісі жасалған жағдайдағы әрекеттер туралы жадынама"** қазан айында ата – аналарға түсіндірме жұмысы жүргізілді. **Мақсаты:** Терроризм мен қылмыс жасаудың салдары жайлы түсінік қалыптастыру.

«Діни экстремизм мен терроизмге қарсы» наурыз айында оқушыларға бейнероликтер көрсетіліп, оқушылар арасында жат ағымдар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: бұндай діни ағымдардың біздің қоғамымызға барынша іріткі салып, залалдарын тигізетіндігі түсіндірілді. Болашақ жастардың қолында екендігі, жат ағымдардан сақ болу керектігі айтылды.

<https://www.facebook.com/share/p/19b2Wpj8zL/?mibextid=wwXIfr>

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстың есебі

2024-2025

оқу

жылы

https://drive.google.com/file/d/1OW5RtUKsgulmaT-WE9Jln5TwX3HRQGxD/view?usp=drive_link

Ата-аналармен (занды өкілдерімен) жұмысты ұйымдастыру.

2024-2025 оқу жылы https://drive.google.com/file/d/1nLxb4nBZTE-6db-hihH80VpJelDMxQnk/view?usp=drive_link

Бала тәрбиесі мәңгілік мәселе, әрі қиын, әрі күрделі үдіріс. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Ел басамын десең, бесігінді түзе» дегендей ұрпақ тәрбиесі бесіктен басталатыны баршаға аян. Өйткені бала өміріміздің жалғасы, ертеңі, жарқын болашағымыз, ел мен жердің иесі. Олай болса бала тәрбиесінде ата – ананың жауапкершілігі, міндеті көп. Ата – ана баланы оқытуға, сабаққа уақытында жіберуге, сабақтан кешіктірмеуге, себепсіз сабақтан алып қалмауға, ауырған жағдайда баланы дәрігерге қаратып, мектепке денсаулығы туралы анықтама әкелуге, бір жағдай болып баланы алып қалған жағдайда қол хат жазып, , сынып жетекшісіне хабарлауға, баланы мектепке формамен жіберуге, сабаққа әкеліп алып кетуге сабақтан соң міндетті екенін баса айтты. Келеңсіз жағдайдың алдын алу мақсатында аулымыздың участкелік инспекторы Ж. Мұздыбаевпен бірлесіп жұмыстар жүргізіп, рейдтар ұйымдастырып отырамыз. Бұл жұмыстарымыз өз нәтижесін беруде. Оқушылардың кешкі жұмыстары тоқтатылды.

Әлеуметтік педагог Қ. Альмаганбетова «Мектепке жол» акциясының барысына тоқталып, түсіндіріп өтті. 2024 – 2025 оқу жылында 01 тамызбен 30 қыркүйек аралығында «Жақсылық жаса» деген ұранмен «Мектепке жол» республикалық акциясы өткізіліп жатқанын хабарлады. Қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесіп акция жұмысы жандандырылып жатыр.

Психологиялық кеңес өткізілді.

Мектеп психологы З. Алибекова ата – аналарға психологиялық кеңес берді. Отбасындағы тәлім – тәрбиенің мақсаты баланың жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Ата – аналармен келісім шартқа отырып, оны сынып жетекшілерне түсіндіру және мектеп психолог тарапынан үнемі психологиялық көмек көрсетілетінін түсіндірді.

Ынталы ЖББ мектебінің ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығы аясында қазан айында 1-4 сынып ата-аналарына сабақ өткізілді. Ынталы ЖББ мектебінің директоры К. Шакенова ашып, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Сайлауұлы және мектеп психологы З. Алибекова балалардың интернеттегі және шынайы өмірдегі қауіпсіздігі маңызды мәселе екенін атап өтті. Балаларға әлеуметтік желілердегі қауіп-қатерлер мен ата-аналардың бақылау жасау қажеттілігі жайлы айтты.

- Интернеттегі қауіптер: Балаларға төнетін онлайн қауіптер туралы әңгіме қозғалды, әсіресе әлеуметтік желілер мен қауіпті онлайн ойындар туралы.

- Буллинг және кибербуллинг: Балалардың шынайы өмірде және интернеттегі буллингке ұшырауы жайлы мысалдар келтірілді.

- Ата-ана бақылауы

Интернет пен әлеуметтік желілерді пайдалануға ата-ана бақылауын

орнату бойынша ұсыныстар берілді.

- Эмоционалды жағдайды бақылау: Ата-аналардың балаларымен тұрақты әңгімелесіп, олардың көңіл-күйі мен мінез-құлқын бақылаудың маңызы айтылды.

Қорытынды

Ата-аналарға баланың интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары бойынша нақты кеңестер берілді. Жиналыс барысында педагогтар ата-аналарға қолдау көрсетудің маңыздылығын баса айтты және өзара сенімді қарым-қатынас құруға шақырды.

Ұсыныстар:

- Балалардың гаджеттерін бақылау үшін арнайы бағдарламалар орнату.

- Баланың интернеттегі белсенділігін қадағалап, олардың ойындары мен әлеуметтік желілерін тексеру.

- Психологиялық қолдау көрсету орталығына жүгіну мүмкіндігі туралы хабардар етілді. Қамтылған ата -ана саны 40 адам

<https://www.facebook.com/share/p/1CHVwHbmb5/?mibextid=wwXIf>

"Ата -аналарға педагогикалық қолдау көрсету " бағдарламасы бойынша "Дұрыс ұйқының маңыздылығын түсіндіру" тақырыбында қараша айында 11 сынып ата - аналарымен сабақ өткізілді.

Мақсаты : Ата -аналарға балалардың ағзасына адам ағзасына ұйқының маңыздылығын.

"Дұрыс ұйқы -салауатты өмір кепілі" жайлы меңгерту

Сабақ барысында көтерілген мәселелер

1. Балаларға дұрыс ұйқы жайлы маңыздылығы

2. Дұрыс ұйқы ережелері

3. Дұрыс ұйқының артықшылықтары.

Сынып жетекші :Сопакова Гульнур Айтмухамбетовна

қатысқан ата- ана 10

<https://www.facebook.com/share/p/1LNEPPvK9H/?mibextid=wwXIf>

"Жасөспірімдердегі ұйқы: Оқуға және мінез-құлыққа әсері" тақырыбында желтоқсан айында 5-9 сынып ата-аналарымен сабақ жүргізілді. Мақсаты: Дұрыс ұйқы жасөспірімнің физикалық және психологиялық денсаулығы үшін сапалы ұйқының маңыздылығы туралы ақпараттандыру және дұрыс ұйқы әдеттерін қалыптастыру. Іс-шара барысында сапалы ұйқының маңыздылығы туралы сабақ мақсатына жеткізіліп өткізілді.

Сынып жетекші : Аумағанбетов А.С

Қатысқан ата-аналар саны:42

<https://www.facebook.com/share/p/164kQhxtNR/?mibextid=wwXIf>

"Жадыны дамыту" тақырыбында Ата-аналарымен сабақ өткізілді.
Мақсаты: Ата-аналарға балалардың назар аударуды дамыту әдістері мен тәсілдерін меңгерту. Сабақ барысында көтерілген мәселелер:

1. Неліктен жасөспірім есте сақтауда қиындықтар туындауы мүмкін
2. Жасөспірімдердің есте сақтау ерекшеліктері
3. Жадыны жақсарту үшін мнемониктерді тәжірибеден өту
4. Жақсы жаққа қадамдар

Сабақ мақсатына жеткізіліп өткізілді

Сынып жетекшісі: Ахмедиева Г.А

Қатысқан ата-аналар саны: 17

<https://www.facebook.com/share/p/1BQp6UEFK7/?mibextid=wwXIfr>

“Дұрыс тамақтану әдет-ғұрыпын құру”

Мақсаты: Балалардың салауатты өмір салтының құрамдас бөлігі ретінде ата-аналардың тамақтану мәдениетін қалыптастыру. 5-9 сынып ата-аналарымен сабақ өткізілді.

Сынып жетекшісі: Алибекова З.С қатысқан ата-аналар саны: 16

<https://www.facebook.com/share/p/1BKUUTb3Qj/?mibextid=wwXIfr>

“Болашаққа ұмтылу: Балаңызға өз әлеуетіңе жетуге қалай көмектесуге болады?”

Мақсаты:

1. Жоғары сынып оқушысын түсіну тәртібі
2. Бала үшін жаңа мүмкіндіктер – ата-аналар үшін жаңа міндеттер
3. Кәсіп таңдауға көмек көрсету

Ата аналармен жұмыс жүргізген әлеуметтік педагог
К.Ж.Альмаганбетова.

Қамтылған ата-аналар саны: 12

<https://www.facebook.com/share/p/1BVDexjDJR/?mibextid=wwXIfr>

Қамқоршылық кеңестің жұмысы

2024-2025

оқу

жылы

[https://drive.google.com/file/d/13lRq3kbLO1xteQJwWWgI1ovWQDjbDj3/vi
ew?usp=drive_link](https://drive.google.com/file/d/13lRq3kbLO1xteQJwWWgI1ovWQDjbDj3/vi
ew?usp=drive_link)

Мектебіміздің Қамқоршылық кеңесінің құрамы 7 адамнан тұрады. Кеңес құрамына кәсіпкерлер, ата-аналар, оқушылардың заңды өкілдері кіреді.

Мектебімізде «Қамқоршылық кеңесі» құрылған жұмыс жасайды. Хатшы мектептен алынған. Кеңестің жылдық жұмыс жоспары жасалып бекітілген. Кеңестің отырыс өткізген хаттамалары мектеп сайтына салынып отырады. Қамқоршылық кеңес мүшелері демеушіліктен, қайырымдылық көмектерінен

берілетін, қаражаттарды реттеп азқамтылған отбасы, көпбалалы отбасы т.б көмек қажет ететін отбасыларға көмек беруге және дарынды оқушылар мен спорттық шараларды дамытуға жұмсау, яғни қолдау көрсету жұмыстарын ұйымдастырады. Әрбір оқу жылының аяғында мектеп директоры «Қамқоршылық кеңес» мүшелері алдында есеп беріп отырады.

2024-2025 оқу жылының жетістіктері

Сілтеме:

https://drive.google.com/drive/folders/1Ojwo_grQU8NcoepHQk3x1qw_IydP1_EY?usp=drive_link

№	Толық аты-жөні (құжат бойынша)	Мектебі, сыныбы	Аудандық жетістік (толық) +жетекші аты-жөні	Облыста н жетістік (толық) +жетекші аты- жөні	Республикада н жетістік (толық) +жетекші аты- жөні
1	Рысбек Ертөре Азаматұлы	Ынталы ЖББМ 2 «ә» сынып	«Дарынды Бала» онлайн сурет байқауы 2 орын Досаева Асем		
2	Жәнібек Мунира Мейіржанқызы	Ынталы ЖББМ 2 «ә» сынып	«Жырлайды жүрек» М.Мақатаев III орын Досаева А.М		
3	Сартаев Ахмад Сайранович	Ынталы ЖББМ 2 «ә»	«Жырлайды жүрек» М.Мақатаев		

		сынып	III орын Ипатова Т.С		
4	Мейрам Елжас Берікұлы	Ынтылы ЖББМ 2 «ә» сынып			«Абай әлемі» атты шығармашы лық байқау I орын Досаева А.М
5	Жұмабай Ақбота Жомартқызы	Ынтылы ЖББМ 2 «ә» сынып			«Абай әлемі» атты шығармашы лық байқау I орын Досаева А.М
6	Жәнібек Мунира Мейіржанқызы	Ынтылы ЖББМ 2 «ә» сынып			«Абай әлемі» атты шығармашы лық байқау I орын Досаева А.М
7	Рысбек Сағынай Азаматұлы	Ынтылы ЖББМ 2 «ә» сынып			«Абай әлемі» атты шығармашы лық байқау II орын Досаева А.М
8	Сейдрахманова Фатима Маратқызы	Ынтылы ЖББМ 2 «ә» сынып			«Абай әлемі» атты шығармашы лық байқау I орын Досаева А.М
9	Хасен Әли Жанболатұлы	Ынтылы ЖББМ			«Абай әлемі» атты шығармашы

		2 «ә» сынып			лық байқау I орын Досаева А.М
10	Сартаев Ахмад Сайранович	Ынтылы ЖББМ 2 «ә» сынып			«Абай әлемі» атты шығармашы лық байқау I орын Досаева А.М
11	Оңғарбай Нұрлыбек Бауыржанұлы	Ынтылы ЖББМ 2 «ә» сынып			«Абай әлемі» атты шығармашы лық байқау I орын Досаева А.М
12	Тұрсбек Қызғалдақ Ерденқызы	Ынтылы ЖББМ 2 «ә» сынып			«Бояулар құпиясы» II орын Досаева А.М
13	Рысбек Ертөре Азаматқызы	Ынтылы ЖББМ 2 «ә» сынып			«Бояулар құпиясы» II орын Досаева А.М
14	Молдабай Әлижар Нұржанұлы	Ынтылы ЖББМ 2 «ә» сынып			«Бояулар құпиясы» II орын Досаева А.М
15	Жұмабай Ақбота Жомартқызы	Ынтылы ЖББМ 2 «ә» сынып			«Бояулар құпиясы» II орын

					Досаева А.М
16	Жәнібек Мунира Мейрамқызы	Ынтылы ЖББМ 2 «ә» сынып			«Бояулар құпиясы» II орын Досаева А.М
17	Хасен Әли Жанболатұлы	Ынтылы ЖББМ 2 «ә» сынып			«Бояулар құпиясы» II орын Досаева А.М
18	Рысбек Сағынай Азаматұлы	Ынтылы ЖББМ 2 «ә» сынып			«Бояулар құпиясы» II орын Досаева А.М
19	Қылыш Кәусар	Ынтылы ЖББМ 8 сынып	«Жырлайды жүрек» М.Мақатаев II орын Көпжасаров М.		
20	Қылыш Кәусар	Ынтылы ЖББМ 8 сынып	«Айтып өткен ақында арман бар ма?» I орын Көпжасаров М.		
21	Қылыш Кәусар	Ынтылы ЖББМ 8 сынып	«Мағжан Оқулары» 7-11 сынып арасында«Өлең- менің Шолпаным, Айым,Күнім»		

			III орын Көпжасаров М.		
22	Қайыржан Мирас	Ынтылы ЖББМ 10 сынып	«Мұрагер» Бейнелеу өнері жанры I орын Жунусова Бекзада		
23	Боранбай Ақзере	Ынтылы ЖББМ 8 сынып	«Мұрагер» «Сәндік – қолданбалы өнер» номинациясы III орын		
24	Тұрысбек Ажар	Ынтылы ЖББМ 8 сынып	«Мұрагер» Бейнелеу өнері жанры II орын Жунусова Бекзада		
25	Қайыржан Мирас	Ынтылы ЖББМ 10 сынып		«Мұрагер- 2025» III облыстық шығармашылық байқауы Бейнелеу өнері жанры II орын Жунусова	

				Бекзада	
--	--	--	--	---------	--

Секциялық жұмыс 2024-2025 оқу жылы

Үйірме, секция жұмыстары мектептің пәндік кабинеттерінде, спорт залда, акт залда мектеп басшысы бекіткен кестеге сәйкес қатаң түрде ұйымдастырылып келді. Және осы үйірмелер мен секцияларға қатысудың нәтижесінде мектеп оқушылары ауданды, облыстық, республикалық, халықаралық байқауларда өз бақтарын сынап, ең биік жетістіктерге ие болып келді.

Шығармашылық үйірмелер бірнеше бағытта жұмыс жасап келді. Олардың ішінде алғашқы жылдары қолөнер, бейнелеу өнері, домбыра дастан, театр, дебат, жас өрт сөндірушілер жұмыс жасады. Қазіргі таңда дебат, домбыра, спорттық секциялар ғана қалды.

Секциялар мен үйірмелердегі сабақтарда алынған білімнің әртүрлі салаларында терең танымдық қызығушылықты қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылардың кәсіби бағдарлануына жағдай жасайды. Сабақтар жоспар бойынша өткізіледі. Секция жетекшілері алдарында отырған оқушыларға бар білімдерін беріп, бәсекеге қабілетті шәкірттермен көрініп келеді.

Кадрлар құрамына талдау:

№	Мұғалімдердің аты-жөні	Еңбек өтілі	Диплом бойынша мамандығы	Қай пәннен сабақ береді	Апталық жүктемесі	Біліктілік санаты	Курстан қашан өтті
1	Абдреимов Халел	11	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	18	Сарапшы	2024
2	Адамов Жұмағали	8	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	16	Педагог модератор	2025
3	Жукенова Гүлназым	3	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	10	санатсыз	2025


Мақсаты: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай білім берумен қатар, балалардың денсаулығын нығайту, оқу ісіне қызықтыратын жағдайлар туғыза отырып жеке тұлға тәрбиелеу. Оқушылар өмірден өз орнын табу үшін бойындағы табиғи дарыны мен қабілетінің ашыла түсуіне демеу жасау. Елжанды тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Әрбір жеке тұлғаның дамуына жағдай туғыза отырып, оқытушы мен оқушының қарым-қатынасын жетілдіру.
- Оқушылардың сауаттылығын арттыра отырып, таным белсенділігін дамыту.
- Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту және жазу каллиграфияларын дамыту.
- Оқушы бойында ұлттық сана-сезім көз-қарастарын қалыптастыру.
- Халқымыздың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жаңғыртуда шығармашылықпен жұмыс істеу.
- Жеке тұлғаның «менін» ояту.
- Өзінің адамгершілік мінез-құлықтарына баға беру мүмкіндіктерін қалыптастыру.
- Өзіне-өзі бақылау жасап, өз ісін бағалай білуге, үлкендермен санаса білуге үйрету.
- Жаңа оқу үрдістерін сабақта тиімді пайдаланып, әр мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттыру.
- Тәжірибе алмасу, жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесін оқып үйрену.
- Алға қойған мақсат, міндеттерді орындау жолында мұғалімдер жоспарлы түрде жұмыс жасады.

- жалпы мұғалімдердің еңбек өтілінің орташа көрсеткіші:

- біліктілік санаттың пайыздық құрамы:



Факультативтер мен таңдау курстарының жүргізілуі:

Мұғалімдердің аты-жөні	Сынып	Тақырыбы	Сағат саны	Уақыты
Абдреимов Халел	8-6	Асық ату,Бес асық	34	Жұма 15:00
Адамов Жұмағали	9-7	Волейбол	34	Сәрсенбі 15:00
Жукенова Гүлназым	10-3	Дойбы	34	Бейсенбі 15:00

Әдістемелік бірлестікте жылдық жоспары бойынша төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

23.09.2024ж «**2024-2025 оқу жылындағы спартакиаданың ашылу рәсімі**» 5-6,7-8,9-11 сынып аралығында оқушылар қамтылып, өткізілді.

Апталық қорытындысы 4-і күні өтіліп марапатталып мақтау қағаздары мен сыйлықтар таратылды.



23.
09.
20
24
ж
М
ек
те

п лигасы «кіші футбол» жарысы 5-6-7 сыныптар және 8-9-11 сыныптар аралығында 48 оқушы қамтылып, өткізіліп жеңімпаздар марапатталды.




07.10.2024ж Мектеп лигасы «Жеңіл атлетика» жарысы 5-6-7 сыныптар және 8-9-11 сыныптар аралығында өткізіліп 40 оқушы қамтылып, жеңімпаздар марапатталды.

19.10.2024ж
Ұлттық мектеп
6-7-8 сынып Бес
орын Облысқа
алды.



Аудандық
лигасы 5-
асық I
жолдама



3.12.2024ж
лигасы
теннисі»

Мектеп
«Үстел
жарысы 5-

6-7 сыныптар және 8-9-11 сыныптар аралығында өткізіліп жеңімпаздар марапатталып аудандық жарысқа іріктелді. 20 оқушы қамтылды



4.11.2024ж Мектеп лигасы «Волейбол» жарысы 5-6-7 сыныптар және 8-9-11 сыныптар аралығында өткізіліп, 30 оқушы қамтылып, жеңімпаздамарапатталды.

9.12.2024 ж Мектешілік «Ұлттық ойын асық ату» бойынша 1-4, 5-7 , 8-10



сыныптар арасында жарыс жоспар бойынша өткізілді. 35 оқушы қамтылды.



13.12.2024ж Аудандық Ұлттық мектеп лигасы 5-6 сынып Асық ату I орын

Облысқа жолдама
алды

13.12.2024ж
Аудандық Ұлттық
мектеп лигасы 9-11



сынып Асық ату I орын Облысқа жолдама алды



11.1

2.20

24ж

Мектеп лигасы Бес асық 5-6-7-8-9-11 сынып аралығында өткізіліп, 23 оқушы қатысып, оқушылар жүлделі орындармен марапатталды



20.12.2024ж Аудандық Ұлттық мектеп лигасы 5-6 сынып Бес асық I орын
Облысқа жолдама алды

20.12.2024ж Аудандық Ұлттық мектеп лигасы 7-8 сынып Бес асық I орын
Облысқа жолдама алды

25.11.2024ж Мектеп лигасы «Шахмат» жарысы 5-6-7 сыныптар және 8-9-11 сыныптар аралығында өткізіліп жеңімпаздар аудандық жарысқа іріктелді

2.12.2024ж Мектеп лигасы «Тоғызқұмалақ» жарысы 5-6-7 сыныптар және 8-9-11 сыныптар аралығында өткізіліп жеңімпаздар аудандық жарысқа іріктелді. 21 оқушы қамтылды

Секциялық жұмыстардың жетістіктері

Сілтемесі:

https://drive.google.com/drive/folders/1qiAoet4v_4fjavNd86vFjo_fL4LXn_W4?usp=drive_link

Оқу жылы	Жетістіктер	Жетекші
2024-2025	46. Қабдулла Әліби - «Ұлттық мектеп лигасы» асық атудан 9-11 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.
	47. Женисов Әлихан - «Ұлттық мектеп лигасы» асық атудан 9-11 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.
	48. Мәмбетәлі Асылжан - «Ұлттық мектеп лигасы» асық атудан 9-11 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.

49. Ынталы ЖББМ командасы - «Ұлттық мектеп лигасы» асық атудан 9-11 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.
50. Ынталы ЖББМ командасы - «Ұлттық мектеп лигасы» асық атудан 5-6 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.
51. Ынталы командасы - «Ұлттық мектеп лигасы» бес асықтан 5-6 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.
52. Ынталы ЖББМ командасы - «Ұлттық мектеп лигасы» бес асықтан 7-8 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.
53. Әбдреймова Әльфия - «Ұлттық мектеп лигасы» бес асықтан 5-6 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.
54. Аманжол Ерназар - «Ұлттық мектеп лигасы» жеңіл атлетикадан 5-6 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.
55. Шакен Балым - «Ұлттық мектеп лигасы» бес асықтан 5-6 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.
56. Шәмкен Еркеназ - «Ұлттық мектеп лигасы» бес асықтан 7-8 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.
57. Жұмабай Эльвира - «Ұлттық мектеп лигасы» бес асықтан 7-8 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.
58. Қылыш Кәусар - «Ұлттық мектеп лигасы» бес асықтан 7-8 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.
59. Жұмабай Кәусар - «Ұлттық мектеп лигасы» бес асықтан 5-6 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.
60. Серік Қуаныш - «Ұлттық мектеп лигасы» асық	

	атудан 5-6 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.
	61. Аманжол Ерназар - «Ұлттық мектеп лигасы» асық атудан 5-6 сыныптар арасында өткен аудандық жарыста I орын (Жаңаарқа ауданының білім бөлімі, 2024ж)	Абдреймов Х.
	62. Амантай Нұрислам – Асық атудан облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ашық біріншілігінде II орын (Ұлттық спорт түрлері бойынша облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, 2024 ж)	Абдреймов Х.
	63. Амантай Нұрислам – Асық атудан облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ашық біріншілігінде командалық I орын (Ұлттық спорт түрлері бойынша облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, 2024 ж)	Абдреймов Х.
	64. Жұмабай Эльвира – Бес асықтан облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ашық біріншілігінде командалық II орын (Ұлттық спорт түрлері бойынша облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, 2024 ж)	Абдреймов Х.
	65. Жұмабай Эльвира – Бес асықтан облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ашық біріншілігінде командалық I орын (Ұлттық спорт түрлері бойынша облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, 2024 ж)	

1. Тәрбие жұмысына жалпы талдау

2024-2025 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысы бойынша қойылған міндеттерді негізінен шешілді деп санауға болады. Жыл бойы оқушылардың тұлғалық дамуын қалыптастыру, азаматтық-патриоттық тәрбие, рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіру, салауатты өмір салтын ұстануға үйрету бағыттарында түрлі іс-шаралар өткізілді.

Мектептің тәрбие жұмысы бойынша барлық іс-шаралар дер кезінде

мектептің ресми сайтына, сондай-ақ Instagram және Facebook әлеуметтік желілеріне жарияланып отырды.

2. Тәрбие процесінде анықталған проблемалар

Жүргізілген жұмыстарға қарамастан, оқу жылы ішінде келесі мәселелер айқындалды:

1. Ата-аналардың балаларды тәрбиелеуге деген жауапкершілігінің төмендеуі.
2. Кейбір ата-аналардың білім деңгейінің жеткіліксіздігі және материалдық тұрғыдан қиындықтары.
3. Оқушылардың әртүрлі деңгейдегі конкурстарға, олимпиадаларға, фестивальдерге қатысуының төмендігі.

3. 2025-2026 оқу жылына қойылатын міндеттер

- оқушылардың нақты қажеттіліктерін ескере отырып, мектеп парламенті органдарының қызметін жандандыру;
- оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту, ғылыми-практикалық конференциялар мен пәндік олимпиадаларға қатыстыруды жалғастыру;
- салауатты өмір салтына саналы көзқарасты қалыптастыру және спорттық-сауықтыру жұмыстарын дамыту;
- сыныптарда өзін-өзі басқару ұйымдары, қосымша білім беру бірлестіктері, спорт секциялары, құқықтық ағарту сабақтары және ата-аналарға арналған оқыту курстары арқылы балаларға қатыгездікпен қараудың, жасөспірімдер арасындағы суицидтік көріністердің, құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу жұмыстарын күшейту;
- ата-аналардың мектеп өміріне қызығушылығын арттыру және оларды шығармашылық, әлеуметтік маңызы бар қызметке тарту;
- отбасы мен мектептің беделін арттыруға бағытталған жұмыстарды жетілдіру;
- сынып жетекшілердің ата-аналарға арналған педагогикалық қолдау сабақтарының сапасын арттыру.

4. Қорытынды

Жалпы, 2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылып, негізгі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді. Алдағы 2025-2026 оқу жылында оқушылардың тәрбиелік деңгейін көтеру, ата-

аналар қауымдастығымен бірлескен жұмысты жетілдіру және мектептің тәрбие жүйесін жаңа деңгейге шығару басты мақсат болып қала береді.

Ынталы ЖББ мектебінің 2025-2026 оқу жылының тәрбие жұмысының есебі

2025-2026 жылдық жоспар

Сілтеме https://drive.google.com/file/d/1LDP-z2zW3nWOMZld93MK67QXJBu_aKmk/view?usp=drive_link

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығын басшылыққа ала отырып 2025-2026 оқу жылында «Адал азамат» Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған нұсқасымен тәрбие жұмысы іске асырылады.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады.

Мазмұны ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық бірлік және
ынтымақ әділдік және жауапкершілік заң және
тәртіп еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
жасампаздық және жаңашылдық **құндылықтарға
негізделген.**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Бағдарламаның мақсаты: құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, руханиадамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделеді. Олар оқытудың,

тәрбиелеудің және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз етеді.

Бұл білім алушылардың бойындағы **құзыреттер жиынтығын құрайды және білім беру ұйымы түлектерінің моделін** айқындайды:

ұлттық мүддені ілгерілету; тиімді қарым-қатынас
және басқалармен ынтымақтастық орнату; қоғамға
қызмет ету; этикалық мінез-құлық нормаларын
сақтау; инновациялық ойлау;

идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты емес тиімді әдістер
қолдану

АЙ САЙЫН:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және

отаншылдық айы; Сәуір –

еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

айы; Мамыр – бірлік және ынтымақ

айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы күн сайын және апта сайын іске
асырылатын іс-шараларды қамтиды:

КҮНДЕЛІКТІ:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»

«Өнегелі 15 минут»

«Үнемді

тұтыну»

«Күй

күмбірі»

АПТА САЙЫН:

«Менің Қазақстаным»

Аптаның дәйексөздері

«Қауіпсіздік сабағы»

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;

Буллингтен қорған!

Ойынға салауатты көзқарас;

Өмірге салауатты

қадам; Қоғамдық

мүлікті қорға!

Қауіпсіз қоғам.

ЖОБАЛАР

Балалар кітапханасы

Қамқор

Еңбегі адал – жас өрен

Шабыт

Ұшқыр ой алаңы

Smart bala

Дос болайық жобалары ұсынылады

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы:

Оқу жылы	Сынып комплектісі	сарапшы	модератор	санатсыз
2025-2026	12	3	6	3

https://drive.google.com/file/d/1fP2D08c1kB8EXlz_LPu0CbTu2drLHSLW/view?usp=drive_link

1 қыркүйек Білім күні мектебімізде 2024-2025 оқу жылында мектептің барлық қауымдастығының қатысуымен «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында 1 және 11 сыныптар үшін салтанатты іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Салтанатты жиынға мектеп директоры К.К Шакенова, ауыл әкімі Д.Е Бақышов құттықтау тілегін айтып, алғаш мектеп табалдырығын аттағалы тұрған 1 сынып оқушыларына сәттілік тіледі. Салтанатты жиынға 21 оқушы, 25 ұстаз, 15 ата-ана қатысты. Жиында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Сайлауұлы, ауыл инспекторы А.О. Абеуов жолда жүру ережелері бойынша баяндама оқып, оқушыларға жолдардағы қауіпсіздік туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оң нәтиже: Оқушыларда патриоттық сезім қалыптасты, жол қауіпсіздігі бойынша ақпарат алды

<https://www.facebook.com/share/v/171CJcEFDV/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/v/16AhLqV9Ng/?mibextid=wwXIfr>

Оқу жылының басында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Сайлауұлы мектеп ұжымына «Адал Азамат біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұн ерекшелігі: түйінді идеялар,

құндылықтар жүйесі, мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижесі жайлы жан-жақты түсіндіріп, мұғалімдерге түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Барлығы 29 мұғалім қамтылды.

2.09 күні Адал Азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында білім алушылар бойында патриоттық сезім қалыптастыру мақсатында жаңа оқу жылының алғашқы күні 1-11 сыныптар арасында «МЕМЛЕКЕТТІК ГИМН» орындалып, адами құндылықтарды сіңіретін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері мерекелік безендірудің көркін келтірді. Барлық 176 оқушы қамтылды.

«Менің Отаным-Қазақстан!» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде бірінғай сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағатына 176 оқушы қамтылды. Сынып жетекшілердің көрнекіліктері мол, сынып сағаттарын жаңа форматта ұйымдастырып жоғары деңгейде өткізді. Оқушылар да белсене атсалысты.

<https://www.facebook.com/share/p/1CUqZLLK6D/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1BQPswAS8X/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1D3Sdz2fAs/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/16XpJT6rqe/?mibextid=wwXIfr>

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 22 тамыздағы № 3-05-4/5704-И-хат тапсырмасын орындау мақсатында 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап оқу-тәрбие процесіне дене шынықтыруға арналған қысқа жаттығу енгізілді.

Осыған байланысты 2025 жылғы оқу жылынан бастап аптасына бір рет әр бір сейсенбі күні сабақ басталар алдында 3 минуттық дене шынықтыру жаттығуы өткізіліп жатыр. Оқушы саны: 176

<https://www.facebook.com/share/v/17HchoFdJF/?mibextid=wwXIfr>

5-11 сынып оқушыларына Директордың тәрбие ісі жөнінде орынбасары Сайлауұлы А дәстүрлі саптық жиын өткізді. Жиын барысында:

Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережелері,

Оқушылардың мектеп формасы,

Бала қауіпсіздігі (оның ішінде терезелердің ашылу тәртібі),

Тазалық пен техника қауіпсіздігі, жол қауіпсіздік ережелері

Оқушылардың тәртіп мәдениеті жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты– оқушылардың мектептегі күнделікті өмірін қауіпсіз әрі жайлы ету, білім мен тәрбиеге қолайлы жағдай қалыптастыру.

<https://www.facebook.com/share/p/19GBSzWmyP/?mibextid=wwXIfr>

5 қыркүйек күні «Тіл - халық қазынасы, ұлт шежіресі» поэзия сағаты, «Тілім менің-тірлігімнің айғағы» мәнерлеп оқу байқауы», «Тілім менің ғасырларға аманат» тілдер апталығының онкүндіктің ашылуы ұйымдастырылды. Ашылуды қазақ тілі әдебиеті пәні мұғалімдері Г. Сопақова, Б.Балдаева, М. Баширова, Қ. Сәлкен ашып үзіліс уақытында оқушыларды онкүндік жоспарымен таныстырып, тапсырмалар беріп, күнделікті іс-шараларға сынып оқушыларын белсенді қатысуға шақырды.

Қазақ тілі пәні мұғалімі Г. Сопақова «Тілім менің-тірлігімнің айғағы» мәнерлеп оқу байқауын» өткізді 5-7 сынып оқушылары қамтылды. Оқушылар белсене атсалысты.

«Тіл - халық қазынасы, ұлт шежіресі» поэзия сағатын М. Асанов өткізді. Оқушылар белсене атсалысып, өздері жазып келген дүниелерімен ортаға салып бөлісіп, талқыланды. 8-10сынып оқушылары қамтылды.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» аясында «Мен не дұрыс, не бұрыс екенін білемін» тақырыбында 1 сынып ата-аналарымен сабақ өткізілді. Бұл шараның негізгі мақсаты – ата-аналарға бала тәрбиесінде дұрыс пен бұрысты ажыратудың маңыздылығын түсіндіру және олардың педагогикалық мәдениетін арттыру болды. 11 ата-ана қамтылды

<https://www.facebook.com/share/p/17LMESXJpT/?mibextid=wwXIfr>

«Ана – отбасының шамшырағы» 1-11 оқушыларына өткізілген сынып сағаты ерекше әсер қалдырды. Ана тақырыбы — мәңгілік, қасиетті ұғым екенін балалар жүрекпен сезіне білді. Сабақ барысында оқушылар аналарға арнаған өлеңдерін оқып, жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Шағын көріністер арқылы ананың мейірімін, отбасыдағы орны мен қадірін бейнеледі. Оқушылардың әр сөзінен аналарға деген шексіз құрмет пен сүйіспеншілік сезілді.

<https://www.facebook.com/share/v/17SKqPSj1Y/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/16XpJT6rqe/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1A9HWJuprZ/?mibextid=wwXIfr>

«Дос болайық – буллингтен қорған!» тақырыбында 1–11 сынып оқушыларына сынып сағаты өткізілді. Мақсаты – оқушыларға буллинктің зиянды жақтарын түсіндіру, өзара сыйластық пен достық қарым-қатынасты

нығайту, қиын жағдайда бір-біріне қолдау көрсетуге баулу болды. 166
оқушы қамтылды

<https://www.facebook.com/share/p/1CJ5tXjC4o/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1Cd8PY9zju/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1AKKScevYB/?mibextid=wwXlfr>

“Болашақ мамандық иесі-қазіргі оқушы” тақырыбынды кәсіптік бағдар беру мақсатында 9 сынып оқушыларына тәрбие сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі У. Абилова

<https://www.facebook.com/share/v/1J8JCZrNAq/?mibextid=wwXlfr>

«Бала тәрбиесі – мектеп пен ата-ананың бірлескен жауапкершілігі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

Жиналыс барысында келесі мәселелер талқыланды:

«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында әлеуметтік қолдау көрсету және ыстық тамақ ұйымдастыру;

Балалардың қауіпсіздігі мен зорлық-зомбылықтың алдын алу, буллинг пен кибербуллингке қарсы шаралар;

Интернет алаяқтары мен “интернет машиниктерінің” әрекеттерінен сақтану жолдары, балаларға интернет мәдениетін үйрету;

Білім алушылардың мектеп формасын сақтау мәдениеті және сыртқы келбетке қойылатын талаптар;

2025–2026 оқу жылындағы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстыру.

Жиналыс ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершіліктің маңызын айқындады. Қатысқан ата-аналар 55

<https://www.facebook.com/share/v/1A4uQu7JpJ/?mibextid=wwXlfr>

Патриоттық тәрбие беру алғашқы әскери дайындық және технология пәнінің мұғалімі А Аумағанбетов 9-11 сынып оқушыларына «Отанды қорғау — қасиетті борышың» тақырыбында сабақ өткізіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сабақ барысында оқушыларға Отан алдындағы азаматтық борыш, әскери қызметтің мәні мен маңызы туралы мәліметтер беріліп, жастардың патриоттық рухын арттыру бағытында мазмұнды әңгіме жүргізілді.

Аталған кездесуге ауылымыздан шыққан азамат, қазіргі таңда Қарағанды облысында әскери қызметін атқарып жүрген, 3-сыныпты сержант, 36352 әскери бөлімінің **«Зымыранды артиллериялық оқу батареясының старшинасы» — Сартаев Бекнұр Жұматайұлы** өз үлесін қосты.

Оқушыларға әскери өмірдің қызықты әрі жауапты сәттерін бейнелейтін видеоролик жолдап, ондағы бір күндік әскери өмір тәртібі, сарбаздардың дайындығы мен тәртіптілігі жөнінде пайдалы ақпаратпен бөлісті.

Бұл шара оқушылардың әскери мамандыққа деген қызығушылығын арттырып, Отанды қорғаудың маңызын терең түсінуге септігін тигізді.

<https://www.facebook.com/share/p/1CJnQTSC4R/?mibextid=wwXIfr>

Қамқоршылық кеңес

https://drive.google.com/file/d/1Jlp7i5JJcrimSRqpDLyEiboNcVco22hP/view?usp=drive_link

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты

Міндеттері:

-Білім алушыларды тәрбиелеуді,бейімдеуді және әлеуметтендіруді әлеуметтік педагогикалық ақпараттық және құқықтық қолдауды қамтамасыз ету;

-Сыныптардың әлеуметтік паспортын жасау;

-Аз қамтылған,көп балалы,толық емес отбасылардың тізімін жасау;

-Мектеп бойынша балалар туралы ақпарат жинау;

«Тәуекел тобындағы» оқушылардың және жайсыз отбасыларды уақытылы анықтау;

Білім алушыларды әлеуметтік қорғау,оларды дамыту,тәрбиелеу,білім беру;

-оларға мұқтаж кәмелетке толмағандарға уақытылы әлеуметтік көмек және қолдау көрсету;

-кәмелетке толмағандарды оқумен,үйірме және спорттыққызметпен қамтамасыз ету;балаларды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ақпарат пен қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік –ақпараттық көмек;

«Әлеуметтік педагог жылдық жоспар 2023-2024 оқу жылы»

https://drive.google.com/file/d/1tZN5wJNXxdf0zP2UyJzuDsVG9wWx3HhU/view?usp=drive_link

«Әлеуметтік педагог жылдық жоспар 2024-25оқу жылы»

https://drive.google.com/file/d/13GjXpR5D86m9ocEv00r54AIwsHpo1fYI/view?usp=drive_link

«Әлеуметтік педагог жылдық жоспар 2025-26оқу жылы»

https://drive.google.com/file/d/18l7tdS898KvU0SvGf4r880QRIN3vDdx5/view?usp=drive_link

Әлеуметтік педагог 2023-24,24-25,25-26 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар

https://drive.google.com/drive/folders/1DwAqGF6sO3NyC7QavVZeDbcc05oq2cvd?usp=drive_link

«Ынталы жалпы білім беретін мектебі » КММ

Соңғы үш жылдық әлеуметтік паспорттың салыстырмалы талдауы

Оқу жылдары	Оқушылар саны	1-4 сынып	5-9 сынып	10-11 сынып	Тегін ыстық тамақпен қамтылған	Көп балалы отбасы	толық емес отбасы	Ата-анасы мүгедек отбасы	АСП	Өгей әке	Өгей ана	Қамқорлықтағы бала
2023-2024	218	81	104	33	106	39/121	8/13	2	2	0	0	2
2024-2025	190+2	74	95+2	21	81	36/103	10/14	2	1	0	0	1
2025-2026	176+2	59+2	97	20	65+2	35/91	11/18	3	0	0	0	1

«Мектепке жол», «Қамқорлық» акциясы бойынша соңғы үш жылдық салыстырмалы талдау

Оқу жылы	Барлық оқушы саны	жалпыға бірдей оқу қорынан материалдық қаржылай көмек (тг.есебімен)	«Мектепкежол» акциясыбойынша (демеушілер,мецанаттар)		«Ауылдағы ағайынның балалары» жобасы аясында	
			оқушы саны	Сумма, тгт	оқушы саны	сумма,
2023-2024	52	41000теңге 49 оқушы көмек алды.	3оқушы	Материалдық көмек	0	0
2024-2025	27	43407 теңге 25оқушы көмек алды.	2оқушы	Материалдық көмек	0	0
2025-2026	12	46228теңге 7оқушы қаржылай көмек алды.	5оқушы	Материалдық көмек 10.000теңге қаржылай	0	0

2023-2024 оқу жылы әлеуметтік педагогтың жұмыс есебі

№	Жұмыс Бағыты		АҚПАРАТ
1	Оқушылардың жалпы саны	2023-24 оқу жылы 2024-25оқу жылы 2025-26 оқу жылы	218 оқушы 190+2 оқушы 176 оқушы+2оқушы
2	«Мектепке жол» акциясы	2023-24оқу жылы 2024-25оқу жылы 2025-26оқу жылы	Ынталы жалпы білім беретін мектебінде 6 тамыз – 30 қыркүйек аралығында өткен Республикалық «Мектепке жол» акциясының атқарған 3жылдық жұмысы туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 6 тамыздағы №01.1.03/373 хатына сәйкес, Жаңаарқа аудандық білім бөлімінің хатын негізге ала отырып, 6 тамыз–30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жалпы республикалық қайырымдылық акциясы өткізілді.«Қазақстан Республикасының білім беру туралы» заңын іске асыру, оның ішінде мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік себептерге байланысты мектепке келмей қалуын алдын алу мақсатында Ынталы ЖББ мектебінде «Мектепке жол»акциясы ұйымдастырылды. Дүкендер,ата-аналар комитетіне,д емеушілерге ақпараттандыру парақтары таратылды,өтініштер жолданды.Акция аясында «Мектепке жол» акциясы стенді «Мектепке жол» акциясы логотипі ілінді. «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясы аясында мектеп ұстаздары аз қамтылған,қамқорлықтағы бала және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға қаржылай және оқу-құралдарымен көмек көрсетілді. 2023-24оқу жылында Бір реттік көмек 18 ата анадан өтініш түсіп,49оқушы 41000теңгеден қаржылай көмек алды.10күн ішінде ата аналардан фотоотчет,чек есебі алынып,білім бөліміне есебі уақытылы берілді. 2024-25 оқу жылында атап айтатын болсақ, Аманат партиясы тарапынан 2 оқушыға рюкзак, оқу құралдары, аяқ киім ақ жейде, юбка, спорттық киімнен көмек көрсетіліп,материалдық көмек көрсетілді. Бір реттік көмек 11ата анадан 25оқушы 43407теңге қаржылай көмек алды.Уақытылы 10 күн ішінде ата аналардан фотоотчет,чек есебі алынды. 2025-26оқу жылында республикалық «Мектепке жол»акциясы барысында ауылы азаматтары материалдық көмектерің әкелуде.Аманкул әжеміз,Айгерим мұғалім,Нұржан кәсіпкерде өз көмектерің беруде.Соның нәтижесінде 7сынып оқушысы Карифуллин Нұрсұлтанға сумка сабақ құралдары берілді. Бір реттік қаржылай көмектен 3ата анадан өтініш түсіп, 7 оқушы 46228 теңге қаржылай көмек алды.10 күн уақыт аралығында ата аналардан фотоотчет,чек есебі алынды.

3	Тегін ыстық тамақпен қамтылған 1-4 сынып және әлеуметтік санаты бар 5-11 сынып аралығындағы оқушылар	2023-2024жж 2024-2025оқу жыл 2025-2026 оқу жыл	«Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің Ынталы жалпы білім беретін мектебі» КММ оқушылардың тамақтануы туралы ақпарат «Ынталы жалпы білім беретін мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылында қыркүйек айынан бастап 1-4сыныпта оқитын 81 оқушылар,әлеуметтік санатына қарай балалар жалпыға білім беру қорынан 25оқушы бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылды. 2024-2025 оқу жылында қыркүйек айынан бастап 1-4сыныпта оқитын 61 оқушылар,әлеуметтік санатына қарай балалар жалпыға білім беру қорынан 20 оқушы бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылды. 2025-2026 оқу жылында қыркүйек айынан бастап 1-4сынып оқитын 59+2 оқушылар,әлеуметтік санатына қарай балалар жалпыға білім беру қорынан 6 оқушы бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылды.Жалпы алғанда 65+2 оқушы тамақтанады. Оқушылардың жасына байланысты бекітілген перспективті мәзірбасшылыққа алынып, екі апталық тамақтану мәзірі бойынша тамақтанады.Оқушылардың сапалы тамақтануын ұйымдастыру мақсатында бракераждық комиссия құрылып, акт жасалынды. Күнделікті берілген тамақ сапасы мен мөлшері тексеріліп отырады. Қазіргі жағдайға байланысты тамақтануды ұйымдастыруда санитарлық талаптар күнделікті қатаң бақылауға алынды. Мектеп медбикесі Г.Ж.Мусабекова тарапынан үнемі тексеріліп қажетті жағдайлар қадағаланып отырады.Тамақтың сынамасын медбике күнделікті тамақтанар алдында жасап рұқсатын береді. Мектептердің ас блогы талапқа сәйкес ас ыдыстары мен жиһаздармен жабдықталған.
